



ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№20 (8780) Жұма, 30 мамыр 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Сәрсенбі күні аудан әкімі аппаратының басшысы Амалбек Өміртай сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау жұмыстарының аралық нәтижесіне байланысты мәжіліс өткізді. 1925 жылғы бекітілген кестеге сәйкес аудан әкімінің аппараты жүргізіп жатқан ішкі талдау жұмыстары 21 сәуір мен 4 маусым аралығына белгіленген екен.

Ішкі талдау жалғасуда

Бірқатар мекемелердің басшылары, аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы мен аудандық қоғамдық кеңес мүшелерінің алдында аудан әкімі аппараты заң бөлімінің бас инспекторы Қайсар Ақылбек хабарлама жасап, аудан көлемінде жүргізілген ішкі және сыртқы талдау, тексеру нәтижелерін ортаға салды.

Қоғамның жегі құртына айналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған жұмыстардың қайтарымы күткендегіден әлі де төмен болғандықтан, Өділетті Қазақстанда Заң мен тәртіпті орнықтырудың маңызы ерекше екендігін сезінген адамдар уақыт өткен сайын заң бұзушылыққа қарсы батыл әрекет етуде. Бұл жөнінде хабарламашы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның аясында жүргізілген талдау барысында ашылған деректерге кеңінен тоқталып, фактілерге байланысты қолданылған шараларды атап көрсетті. Аудандағы жер қатынастары бөлімінің жұмысындағы кемшіліктерге байланысты былтыр саяжай құрылысы үшін заңсыз берілген 19 қаулының күші жойылып, аудандық мәдениет үйінде мемлекеттік сатып алу шарасы кезінде орын алған заңсыздық ауыздықталды, оған жол берген маман қызметінен босатылды. Сондай-ақ жерге байланысты қызметтік өкілеттігін пайда мен артықшылықтар алу арқылы мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне орасан зиян келтірген аудан әкімшілігінің лауазымды тұлғасы қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотты болды. Өкінішке қарай қылмыстық құқықбұзушылық аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемедегі есепшілердің тарапынан да орын алып, заңнан аттағандар жазаланды.

Мәжіліс барысында аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері Е.Майлыбаев пен Ө.Рахманқұлов мемлекеттік сатып алу шаралары кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жол беру мүмкіндігінің еселеп артуына байланысты ойларын ортаға салып, оларды жою жолдарын ұсынды.

Аудан әкімі аппаратының басшысы А.Өміртай мәжілісті қорытындылап, жұмысты жандандыруға байланысты пікірлерін ортаға салды.

Чемпиондарды қабылдады

Ленгир қаласының әкімі Мақсат Жұмабаев Ақтау қаласында өткен у шудан жасөспірімдер, юниорлар және жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 1-орынды жеңіп алып, керемет жетістікке қол жеткізген Ибрагимова Севинч пен Төлеген Ілиясты арнайы қабылдады.

Қала әкімі чемпиондарды құттықтап, Алғыс хатын табыстады. Аудандық мәслихат депутаты Жанғали Мәуленов те жүрекжарды лебізін білдіріп, жас чемпиондарға алдағы жауапты додаларда да сәттілік тіледі.

Бұл жеңіс – табандылық пен тынымсыз еңбектің жарқын жемісі! Жеңіс тұғырынан көрініп, өңіріміздің, Төлеби ауданының атын шығарып жүрген спортшыларға әркез сәттілік тілейміз!



«Төлеби-ақпарат».

Ардақты аналар марапатталды

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан әкімі аппаратының басшысы Өміртай Амалбек көпбалалы аналармен кездесті. Еліміздің демографиясының өсуіне өз үлестерін қосып жүрген ақ жаулықты аналарға аудан әкімінің құттықтауын жеткізіп, «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерін салтанатты түрде табыс етті.



дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз. Мемлекеттік наградаларыңыз құтты болсын! – деді Амалбек Дәркенұлы құттықтау сөзінде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі №862 Жарлығына сәйкес ауданымыздағы 36 көпбалалы ана марапатқа ие болды.

«Төлеби-ақпарат».

Шаруалар шабындық басында

● Мал азығын жасақтау – жауапты науқан

«АҚСАЙ» өндірістік кооперативі

Жоғарғы Ақсу ауылдық округіндегі Кемел Сатыбалдин басшылық жасайтын «Ақсай» өндірістік кооперативінің еңбеккерлері жасыл орақ науқанына білек сыбана кірісіп кеткеніне бірнеше күн болды. Ақсайлықтар алдағы қыс айына мал азығын жасақтауды ауыл маңындағы көпжылдық екпе шөп алқабынан бастады.

Өндірістік кооперативтің орталықта ірі қара мал фермасы мен шалғайдағы Талдыбұлақ учаскесіне шопан қыстауы бар. Мұнда бір отар уақ мал ұстайды. Саулық отарына азықты орталықтағы жемшөп базасынан тасымалдап береді.

Шаруашылық комбайншылары Қалан Тіленшиев, Қуан Үсіпбеков жоңышқа ораса, кепкен шөпті тайлау және көлікке тиеу жұмыстарымен барлығы 10 еңбеккер шұғылдануда. Бақытжан Таңатаров пен басқа да механизаторлар тіркемелі трактормен тайланған шөпті тасымалдауда. Шаруашылық бойынша пішен орағына барлығы 16 еңбеккер жұмылдырылған. Шабындық басында дала қосы ұйымдастырылып, науқанға қатысушылар салқын сусынмен, бидай көжемен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Ақсайлықтар алғашқы орымда барлығы 200 гектар жоңышқаға орақ салады.

– Биыл көктемде ылғал аз түскендіктен, шөп жылдағыдай бітік шықпады. Осындай себеппен көктемде еккен арпамыз да біз күткендегідей болып, бой алған жоқ. Арпа мен бидайдың биылғы орташа гектар түсімділігі қалай болатынын тап басып айту қиын. Бәрін уақыт көрсетеді, – дейді шаруашылық басшысы Кемел Сатыбалдин.

«БІРЛІК» өндірістік кооперативі

Тасарық ауылдық округіндегі «Бірлік» өндірістік кооперативінің механизаторлары малға шөп оруды Оңтүстік ауылы маңындағы Қырықарық алқабындағы 90 гектар жоңышқалықтан бастады. Механизатор Жандос Ертаев «Немка» агрегатымен шөп ораса, Үмітжан Тәжібаев, Жасұлан Ертаев бастаған жігіттер шөп тайлаумен шұғылдануда. Жемшөп жасақтаушылар бригадасына Мұқият Игенов басшылық жасауда.

«Бірлік» өндірістік кооперативінің еңбеккерлері барлығы 300 гектар көпжылдық екпе шөпке орақ салады. Жауапты науқанға қатысушылар үшін дала қосы ұйымдастырылып, барынша жағдай жасалған. Тайланған шөп шаруашылықтың сауын фермасы жанындағы жемшөп базасына жеткізіледі. Тайланған шөпті тасымалдау жүргізушілер Айдар Жаңабаев пен Хамитжан Османовқа жүктелген.

– Біз ең алдымен өндірістік коопертив мүшелерінің әрбіріне үлес есебінен 100 дана тайланған жоңышқа жеткізіп береміз. Содан соң барып шаруашылықтың қоғамдық малына мал азығын дайындаймыз, – дейді өндірістік кооператив төрағасы Әбдінұр Шәйнеков.

Биылғы қуаңшылыққа байланысты тайланған шөп бағасы күрт көтеріліп кетті. Былтыр тайланған жоңышқа мен табиғи шөптің әр данасы 400-500 теңге аралығында сатылса, сабанға деген сұраныс тым аз болды. Қазіргі алған мәлімет бойынша тайланған шөптің (алқап басында 800 теңге) ең арзаны 1000 теңгеден сатылуда. Мал баққан ағайынға алдағы қыстың жеңіл соқпасы анық.

С.ОРЫНБАСАР.

Достық – бақыт, ынтымақ – ырыс қайнары

Газет 1935 жылғы наурыздың 15-інен шығады

ТӨЛЕБИ ТҰЫ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

газетіне жазылыңыздар!

Құрметті оқырман қауым!

«Төлеби туы» қоғамдық-саяси және мұғалімдер мен мектеп оқушыларына арналған «Білім әлемі» газеттеріне 2025 жылдың екінші жартысына жазылу жүргізілуде.

Жазылу бағасы:

«Қазпочта» АҚ арқылы
«Төлеби туы» газеті – 2924,40 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1005,60 теңге;

«ERNUR-press» ЖШС арқылы
«Төлеби туы» газеті – 3030 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1170 теңге;
 «Төлеби-пресс» ЖШС арқылы
«Төлеби туы» газеті – 3000 теңге,
«Білім әлемі» газеті – 1100 теңге.

«Төлеби туы» газетінің жазылу индексі – 66744, «Білім әлемі» газетінің жазылу индексі – 66745.

Қазақты бөліп-жармайық



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев наурыз айында Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында халқымыздың бірлігі, ынтымағы және біртұтастығы туралы келелі ойлар айтты. Оның ішінде қоғамда, әлеуметтік желіде еліміздің тұтастығына зиян келтіретін түрлі кереғар пікірлер көбейіп бара жатқанына тоқталып, оған тоқтау салу мәселесін көтерді. Президент: «Қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, арнамысын аяққа таптау көбейіп кетті. Жалған мәлімет таратушылар да бар. Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жағын қарастыру керек», – деді.

Өсіресе соңғы жылдары әлеуметтік желіде тарихи тұлғаларды, мемлекет қайраткерлерін, ақын-жазушыларды бір-біріне қарсы қойып қаралау етек алып барады. Мәселен, сондай ақпараттарды Т.Рысқұловты алашордалықтарға, С.Сейфуллинді М.Жұмабаевқа, Д.Қонаевты Қ.Сәтбаевқа т.б. қарсы қоятын өсек-аяндар жиі жариялануда. Байқап қарасақ, одан рушылдықтың, бөлінушіліктің де исі аңқиды.

«Өсер елдің балалары бірін-бірі батыр дейді, өшпек елдің балалары бірін-бірі қатын дейді» демекші, бұл қазақтың бірлігіне, татулығына, ауызбіршілігіне нұқсан келтіреді. Өскелең ұрпаққа дұрыс тәрбие бермейді.

Өлгі айтылған тұлғаларымыз заманындағы саясатқа қызмет еткенімен, халқына барынша адал болды. Сондықтан оларды жамандап, жастарымызға жеккөрінішті қылып көрсетпейік. Қайта олардың халқына жасаған істерін еліміздің экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін кеңінен насихаттауға көңіл бөлейік. Эмоцияға беріліп, аз ғана топтың мақсат-мүддесі үшін жазылған дүниелердің жарық көруіне жол бермейік. Отты ақын Олжас Сүлейменовтің «Тауды аласартып, даланы асқақтатпайық» дегеніндей, біреуді биіктетіп, енді біреуін аласартпайық дегім келеді. Тарихта әрқайсысының өзіндік орны бар.

Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы Үкімет басшысы С.Сейфуллин халқымыздың бұрмаланған «қазақ» деген атын қайтарып берді. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанның басында жүрді.

Ал Тұрар Рысқұлов болса, заманында түркі жұртының қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен және тәжік халықтарының бірлігі үшін күресті. Түркі жұрты түгел болса ғана Ресейдің отарлау саясатына жол бермейді деген ұстанымда болды. Осындай көзқарасы үшін ол кеңестік өміршіл-әкімшіл жүйесінен қуғын көрді. Қазақты аштыққа ұрындырған Голощекинді орнынан алдырып, қазақты түпкілікті қырылудан аман сақтап қалуға ықпал етті. Түркісіб темір жолын салдырды. «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік қорығын құруға атсалысты. Халқына істеген басқа да жақсылықтары көп. Осындай еңбегін халқы неге ұмытсын? Ол ақырында атылды. Ұрпағы қорлық, азап көрді.

Т.Рысқұловтың қайраткерлігі, күрескерлігі Ш.Мұртазаның 5 томдық «Қызыл жебе» романында шынайы көрсетілген. Өлгі Т.Рысқұловты қаралаушылар осы кітапты оқуы керек. Осындай қайраткердің атына бүгінде кейбіреулер ши жүгіртуде. Осындай тарихи тұлғалардың тарихымызда өзіндік орны бар. Оларды жөнсіз қараламайық. Қашанда бұл науқан қазақты бір-бірінен өш алудың, руаралық қарымта қайтарудың құралына айналмасын делік. Біреуді жақтап, біреуді тұқыртпайық.

Сондықтан мемлекет басшысы: «Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпе-ренішімізден, өткенді құр мақтаудан, және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойғанымыз жөн. Өйткені бұл дүние ақ пен қарадан ғана тұрмайды.

Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төндіре беруге болмайды.

Қоғам санасындағы осындай келеңсіз құбылыстар ұлтымызды идеологиялық және мәдени тұрғыдан өлсіретеді. Тіпті еліміз қазір қатыгез әлемде өзгелерге жем болуы мүмкін.

Бір сөзбен айтсақ, біздің ұлттық санамыз мықты болуы керек», – деді Құрылтайда сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысы айтқандай, әлеуметтік желіде айтылған еліміздің бірлігіне кесірін тигізетін ақпараттарға сеніп, арандап қалмайық. Жауларымыз осындай алауыздығымызды, осалдығымызды пайдаланып, ғасырлар бойы іштен ірітіп, тоз-тозымызды шығарды емес пе? «Тозған қазды топтанған қарға жейдінің» кері болып жүрмесін. Мұндай келеңсіз ақпараттар халқымызды бөлінушілікке, ыдыратуға апарады. Қазақты бөліп жармайық, ағайын.

К.ЕЛИКБАЕВ,

Қазақстан Журналистер және жазушылар одақтарының мүшесі, халық ағарту ісінің үздігі, жазушы.

● Президент Жолдауына – төлебиліктердің қолдауы

Біз ес білгеннен бастап еңбекке араластық. Үй шаруасын айтпағанда, шаруашылықта жұмыс істеп, үлкендерге қолғабыс еттік. Жазғы демалысқа шыққанымызда қырманда жұмыс істеп, қоғамдық малға мал азығын жасақтауға жәрдемдестік. Мейлі

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында: «...Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы болуы керек. Адал азамат – Адал еңбек –

Нағыз еңбек ағамы құрметке лайық

шопан, бақташы, сауыншы, механизатор болсын бәрі де көпшіліктің алдында үлкен құрметке ие болатын. Сол бір жылдары «Еңбегіне қарай құрметі» деген сөз бізге ұранға айналғандай көрінетін. Еңбек озаттарына лайықты құрмет көрсетіліп, ақшалай-заттай сыйлықтармен қатар мемлекеттік наградармен марапатталатын. Еңбек озаты атанған шаруалар мен жұмысшылар жасы келіп, құрметті еңбек демалысына шыққанда, елге сіңірген еңбегі лайықты бағаланып, облыстық, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атанатын. Өзгелермен салыстырғанда, көбірек зейнетақы алатын.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ауданнан бастап облыстық, республикалық деңгейдегі Алғыс хат, Құрмет грамотасы сияқты марапаттар мен мемлекеттік наградар деп езелерін тапты. Сол үлкен құрметке бөленген адамдар арасынан қатардағы қарапайым еңбек адамдары сирек ұшырасқаны шындық.

Бір ғана мысал, ауыл – мемлекеттің асыраушысы. Ауыл адамдары мал өсіріп, егін салып дегендей, өзін де, халықты да асырайды. Оларға мемлекет тарапынан қандай қамқорлық жасалса да, құрмет көрсетілсе де, марапаттаса да, мемлекеттік наградарға ұсынса да, жарасады. Еліміздегі агроқұрылымдар жекешелендірілгеннен кейін шаруалар өз күйін өзі күйттеп кетті. Өсіресе ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдары, жеке шаруа қожалықтары көп қиындықты бастан өткерді.

Қазақстан Республикасының

Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан да біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс, тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, көз келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, өкім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруы тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі...», – деп атап өткені мәлім.

Бүгінгі қазақ қоғамында еңбекке жарамды адамдардың, өсіресе жастардың бәрі бірдей қолынан іс келсе де, қарапайым еңбек адамдарымен қатарласып қара жұмыс істеуден қашақтайтыны жасырын емес. Олар ең алдымен білек сыбана жұмыс істеп, еңбек озаты атанып, құрметке бөленуді ойлап та жатпайды. Қатардағы жұмыскерлерді ең алдымен мазалайтыны – маңдай тері сорғалап жұмыс істегенде, алатын айлық жалақысы. Тапқан еңбекақысы отбасы мүшелерінің қарны тойып тамақ ішіп, алаңсыз өмір сүрулеріне жете ме? Бар мәселе осында. Ең алдымен осындай шешімін күткен өзекті мәселелерді біржақты етіп шешіп алғанымыз жөн сияқты.

Меніңше, мемлекет басшысы айтқандай, нағыз еңбек адамына ұжым және мемлекет тарапынан қандай құрмет көрсетілсе де жарасады.

Ш.САПАРОВ,
зейнеткер.

● Оймақтай ой

Бұл мұңдылау әнді тыңдаған ой-санасы бар әр адамның жанарына жас үйірілері анық.

Жер бетіндегі жаны бар тіршілік иелерінің бәрі төрт әрекеттің шеңберінде өмір сүрумен шектеледі. Осы төрт әрекеттің біріншісі – тамақ, екіншісі – ұйқы, үшіншісі – аталық пен аналық арасындағы ұрпақ өрбіту жолындағы қарым-қатынас, төртіншісі – өз өміріне төнетін қауіптен қорғану.

Үй жануарлары мен жабайы аңдардан бастап құрт-құмырсқаларға, тіпті ұсақ насекомдарға дейін осы төрт әрекеттің шеңберінде өмір кешеді. Олардың адамзат баласы сияқты бір-бірімен өзара сөйлесіп, қарым-қатынас жасайтын тілі, ойы мен санасы жоқ десек те, ішкі түйсіктері өте жақсы жетілген. Тіпті адамнан да асып түсіп, жер сілкінісі және басқа да табиғат апаттарын алдын-ала сезініп, білетін қабілетке ие. Ең таңқаларлығы, сүйсінерлігі жер бетіндегі жаны бар тіршілік иелерінің бәрі өмірге әкелген ұрпағы өз бетінше өмір сүре алатындай жағдайға жеткенше, асырап, қорғап, қатарға қосу үшін тіпті өз өмірлерін қиюға дейін баратынын көріп, біліп жүрсіздер.

Зер салып байқап қарасаңыздар, біздің бүгінгі қазақтың кейбіреулері осы төрт әрекеттің шеңберінен шыға алмай, атап айтқанда, өмірінің көп бөлігін ұйқымен, қарындарын тойдырумен, отбасын құрып ұрпақ өрбітумен өткеріп келеді. Ал енді солардың ішіндегі кейбіреулері теріс жолға түсіп, өз ұрпақтарына қамқорлық жасауға да шамасы жетпей жүр. Жесірін жұбатқан, жетімін жылатпаған бұл қазақтың бүгінгі ұрпақтары өзі құрсағында көтеріп дүниеге әкелген сәбиін жолға тастап, тірі жетім етуі былай тұрсын, шет ел асырудан тайынбайтын, аңнан да асып түсетін

сорақылыққа баратын болды. Мәселен, біз жек көрген адамдарымызды тілі, ойы мен санасы жоқ деп жүрген «хайуанға», «малға», шошқаға», «есекке», «итке» тағы басқа аңдарға теңейтініміз бар. Әйтсе де сол шошқаңызды, есеңізді, итіңізді тілі, ойы мен санасы жоқ деп мәнсізбеніңізбен, олардың ешбірі өз қанынан, жанынан жаралған ұрпағын қазіргінің кейбір қазақтары сияқты өмірге келісімен сыртқа теппейді, тастанды етпейді, бөтендерге сатпайды. Бүкіл ел білетін бұл шындықты ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл деректің анық-қанығына, растығына көз жеткізіп, сенгім келмеді. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алып, жеке мемлекет болғалы бері жетімханалардағы тастанды сәбилерінің 25 мыңнан астамын шет мемлекеттердегі жеке отбасыларға асырып жіберген көрінеді. Шет мемлекеттіктерге тірі жетімектерді асыру ісімен еліміздің Әділет, Білім және ғылым, Сыртқы істер министрліктері айналысты. Бір таңқаларлығы, осы үш министрліктің шет мемлекеттіктерге асырған жетімектердің саны жөніндегі есебі бір-бірімен мүлдем сәйкеспейді, қайшы келеді. Анығы, біздің қазақтың балалары әлемдегі 30 мемлекетке асырылып, жерге төгілген тарыдай шашылып кеткен. Қазақ балаларын асырап алу жөніндегі көрсеткіштің ең алдында АҚШ тұр. Құрама Штаттардың өзі 6 мыңнан астам қазақ баласын асырап алыпты. Одан кейінгі орындарда Бельгия мен Испания дегендей жалғасып кете береді.

«Шет мемлекеттерде де біздердікі сияқты тірі, тастанды жетімдер аз емес. Бала керек екен, олар неліктен өз жетімектеріне пана болмайды?» деген орынды сұрақ туады. Себебі бізден басқа мем-

«Торғай екеш торғай да...»

лекеттерде бала асырап алушыларға деген заң талаптары өте қатаң. Үнемі мемлекет бақылауында болады. Асырап алушылар балаға жәбір көрсетсе, жапа шектірсе, заң шеңберінде қатаң жазаланады. Ал қазақтың жетімектерінің іздеуі де, сұрауы да жоқ екенін шетелдіктер жақсы біледі.

Қазақ балаларын көбіне шетелдердегі миссионерлік ұйымдар мен діни жат ағымдар мүшелері асырап алып, ең діндеріне, ұстанымдарына баулиды деген деректерді де ұшыратасың. Ал қазақ балаларын асырап алып, оларға неше түрлі хайуандық әрекет жасап, мектеп жасына жетпесе де, зинақорлық, зорлық жасауға дейін барып, жапа шектіріп жүрген отбасылар туралы деректер ұшырасады. Бұл қазақ өз алдына ел болғанына талай жыл өтсе де, «Торғай екеш торғай да, балапанын қорғайды...» деген мұңдылау әнін қашанға дейін сырқай берер екен? Ал біздің Ата Заңымызда мемлекетіміздің ең басты байлығы – адам деп жазылғанын бүкіл әлем біледі. Сол ең басты байлығымыз, елдің бүгіні мен болашағы – бейкүнә сәбилерімізге кімдердің жаны ашымай әлемнің әр түкпіріне таратты? Билік басындағылардан бастап бұл сауалға кім (кімдер?) нақты жауап бере алар екен? Ата дәстүрін көздің қарашығындай сақтап, жесірлерін жұбатып, жетімдерін жылатпаған бұрынғы қазақтың бүгінгі ұрпақтарының мұндай әрекеттерінің соңы жақсылыққа алып бармайтыны айтпаса да аян.

С.ОРЫНБАСАР.

Мектеп бітірген жылы жоғары оқу орнына түсуге құжат тапсырған едім, жолым болмай ауылға қайтып келдім. Ол кездері келесі жылы жоғары оқу орнына түсуге құжат тапсырсаң, еңбек өтілің болмаса, қабылдамайтын. Бір жыл совхоздың фермасында мал бақтым. Келер жылы Қызылорданың Н.В.Гоголь атын- дағы педагогикалық институты- ның филология факультетіне құжат тапсырдым. Емтихан тап- сыруға дейін әлі бірер күн бар. Институтқа барар жолда об- лыстық «Ленин жолы» газеті редакциясының жанынан өтемін. Бірнеше өлеңімді алып редакцияға бардым. Мәдениет бөлімінің меңгерушісі Қомшабай Сүйенішов деген ағамыз екен. Өлеңдерімді оқып көріп:

– Бала қай жақтан келдің? – деді.

– Шымкенттен, осында институтқа оқуға түсуге құжат тапсырдым, – дедім.

– Біздің Қызылорданың білімі өте күшті, осында оқуға түсуге келгенің жөн болған екен. Профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың бір өзі неге тұрады. Н.Жүнісов, М.Бимағанбетов, Ә.Байжоллов, А.Шәмшәтова, Н.Нұр- жанов және басқа да мықты филолог ғалымдар бар. Жолың болсын, інім, оқуға түсіп кетсең, бізге жиі келіп тұрарсың, – деді.

Алғашқы үш емтиханның екеуінен бес, біреуінен төрт алдым. Соңғы сын – шет тілінен емтихан тапсырар алдында түс көрдім. Түсімде институттың оқу кор- пусының үшінші қабатына дейін шықтым да, төртіншісіне көтерілмей төмен түсіп кеттім. Шырт ұйқыдан оянып, әлгі түсімді өзімше жорыдым, төртінші емтиханнан сүрінетін болдым деп ойладым. Шет тілінен емтиханды тапсыруға келсем, мектепте сегізінші сыныпқа дейін шет тілін оқығандар емтихан тапсырмайтындығы туралы хабарландыру ілінді. Осылайша жолым болып студент атандым. Студенттік өмірдің қызығы басталып, Қом- шабай ағамыз айтқандай, әлгі мықты ұстаздардың шәкірті болдық.

Біз оқуға түскен жылы күзге салым бүкіл институт, қала берді бүкіл облыс жұртшылығы болып профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың 70 жасқа толған мерейтойын дүркіретіп атап өтті. Институттың кең залында ғалымның мерейтойына арналған үлкен жиын өтті. Сыр өңірі ғалым перзентіне үлкен құрмет көрсетті.

Бір таңқаларлығы, Әуелбек ағай аудиторияға кірісімен студенттерді көзімен шолып өтіп, бірден лекциясын оқуға кірісіп кететін. Институттың кейбір оқытушы- ларындай студенттерді түгендеп, сабағына себелсіз қатыспағандарды анықтап, кейіннен сынақ кезінде қасақана сүріндіріп, қатаң «тәртіпке» шақырмайтын. Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары жөнінде лекция оқығанда, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жангүгіров, М.Әуезов, заманында қазақ жастарының көсемі болған Ғ.Мұратбаев және басқа да айтулы тұлғалармен бірге жүрген күндерін еске түсіретін. С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы қалай жазылғанын, тіпті осы романның ең басты кейіпкерлерімен бір пәтерде тұрғанын айтатын. «Мөлдір махаббаттағы» ғашық- тардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін өз көзімен көргенін айтқан кезде, бір топта оқитын кейбір қыздар ұялған болып, алақанымен бетін басатын.

– Әуелбек ағайларыңның Қожанасырлығы да бар, әлі талай рет көрерсіңдер, – деп қоятын кураторымыз Айнаш Шәмшәтова апай. Жасы келген ұстазымыз қалың ойдың құшағында келе жатып, орталық көшеден өтерде бірнеше мәрте көлік астына түсіп кете жаздап, аман қалыпты. Классик жазушы М.Әуезовтің өзі «Әуелбек Қоңыратбаев – тірі тарих» деп баға беріп кеткен про- фессордың білімі шынында да сарқылмайтын телегей теңіз сияқты болатын. Ең өкініштісі, қазақ ауыз әде- биетіне, халық әдебиетіне, ежелгі, орта ғасырлардағы, одан бергі тарихымызға қатысты шындықты жария ете алмады. Кезінде НКВД қызметкерлері соңына шырақ алып түсіп, қуғынға ұшыратып, өмірде өте көп қиындықты бастан өткерді. Әуелбек ағайдың туған ағалары Қалжан және Өлібек Қоңыратбаевтар за- манында қазақтың дара тұлға перзенттері болған. Өлібек жастайынан ғылым жолына түсіп, дарын- дылығымен дараланған. Ол Алаштың ардақты ұл- дарының бірі Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәрмен отбасын құрады. Отыз сегізінші жылдары «неміс-жапон тыңшысы» деген жазықсыз жала жабылып, Өлібек те ағасы Қалжанмен бірге атылып кетеді.

Репрессия басталғаннан бастап екі ағасы оққа байланғаннан кейін де Ә.Қоңыратбаевтың соңына да шырақ алып түсіп, «неміс-жапон шпионы», «оппор- тунист», «ұлтшыл», «тегі жағынан жат», «пантүрикт», «космополит» тағы басқа да айыптар тағылады. Ал- матыда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жоғары оқу орындары студенттеріне сабақ беруіне тыйым салынып, жер аударады, ауыл мектебіне қатардағы мұғалім етіп жіберді. Ауыл мектебінде мұғалім болып жүргенде үш-төрт айдан соң Қазақстан Республикасы оқу министрлігіне: «Оқушыларыма оқулықтарында- ғының бәрін оқытып қойдым, енді нені оқытайын?», – деп хат жолдаған көрінеді. Ауыл мектебінде соңына адам салып тыныштық бермеген соң бірнеше жыл Ташкентке қашып барып, бас сауғалауына тура келеді. Бір сөзбен айтқанда, профессор өмірінің соңына дейін үрей мен қорқыныштан арыла алмағаны анық.

Әуелбек ағай үнемі қалың ойдың құша- ғында жүреді демекші, бір күні студенттер жатақханасында таңертең сағат бес-алты- лар шамасында оянып кетіп бөлмеден дәлізге шықсам, Әуелбек ағай жүр. Жанына барып сәлемдесіп таң-

данасымды жасыра алмай:

– Ағай, таң атпай жатақханада неге жүрсіз? – деп сұрадым.

– Түнімен көп ойлар мазалап, ұйықтай алмай, жатақханаға келдім. Бірнеше студентті болса да оят, аудиторияға барып сендерге лекция оқиын, – дейді.

Бір бөлмеде төрт студент жатамыз. Қайнар екеуіміз (қазіргі Бейдібек ауданы, Жиенқұм ауылынан) бір топта оқимыз. Ақтөбенің Ырғыз ауданынан Кәдірбек пен Қызылорданың Жаңақорған ауданынан Құлахмет – музыка факультетінің студенттері. Не керек, әлгі үшеуін және бізден төменгі курста оқитын бірнеше студентті тәтті ұйқысынан оятуыма тура келді. Бәріміз таң атпай жатып институттың жаңа оқу корпусына келіп, Әуелбек ағайдың лекциясын тыңдадық.

– Сырдарияның бойында Баршынкент деген көне қаланың орны бар. Ол қала Алпамыс батырдың әйелі Гүлбаршынның атымен Баршынкент деп аталады. Мен сол қалаға археологиялық қазба жұмыстарын жүргіздім. Жер астында сақталған бірнеше тарихи жәдігерлер таптым. Алпамыс, Қобыланды және қазақтың басқа да батырлары – ойдан шығарылған аңыз емес, өмірде болған адамдар. Қазақ эпосында Алпамыстың Бай- шұбары мен Қобыландының Тайбурылының жүйріктігін, шапқанда ұшқан құстан озатынын жырлайды. Бұл да – аңыз емес, шындық. Қазақ батырларының жүйрік тұлпарлары ұзаққа шапқан кезде тынысы кеңіп, төрт аяғы керіліп бауырымен жер сызған, тіпті шалқып ағып жатқан Сырдария өзенінен қарғығанда қанат біткендей арғы жағалауына топ етіп төрт аяғымен тік түсетін болған... – деп көсіле сөйлеп кететін.

Бір күні сабақ соңында Әуелбек ағай маған:

– Сен мені сыртта, есік алдында күте тұр, көп кешікпей шығамын, – деді. Институттың кейбір мұғалімдері қол күшін қажет ететін ұсақ-түйек жұмыстары болса, екі-үш студентті үйлеріне көмекке шақыратын. Әуелбек ағайға мен не үшін қажет болып қалдым деп ойланып тұрғанымда, сыртқа шықты. «Жүр, біздің үйге, не істейтінімізді барған соң айтамын», – деді. Ағайдың үйі институттан онша қашық емес, асықпай аяңдап жүргенде шамасы жиырма минуттай уақыт кетеді. Әйгілі профессордың өзі де, киген киімі де қаншалықты қарапайым болса, тұрмыс-тіршілігі де сол кездегі ел қатарлы еді. Ішке кірген соң: «Сен төргі бөлмеге қарай өте бер, мен киімді ауыстырайын», – деді.

Бөлмедегі аласа столға дастархан жайылып, ай- налдыра көрпеше төселіп, қолтыққа қоятын екі-үш жастық тастапты. Мен дастарханның бір шетіне жай- ғасып отырдым. Үйде киетін жеңіл киімін киіп келген Әуелбек ағай:

– Тамақтарың дайын ба, біз келіп қалдық, – деді даусын сәл қаттырақ шығарып. Асхана жақтан келіні болуы керек:

– Дайын, ата, – деген дауыс естілді де, бірер минуттан кейін буы бұрқырап, қазысы мен қартасы молынан салынған бір табақ (біздіңше леген) ет келді.

– Үйдің дәмін әбден сағынған шығарсың, ұялмай тойып ал, жұмысымызды содан соң менің кабинетімде бастаймыз. Мен саған бұрын ешкім зерттемеген бір тақырып дайындап қойдым, ғылыми жұмыспен шұ- ғылданасың, жетекшің боламын, – деді. Жоғары оқу орнын бітіргенше сол тақырыппен жұмыс істедім, кейіннен бәрібір мұғалім болмаймын, журналистикаға барамын деп бұл тақырыпты одан әрі өрбітпедім, ізденбедім. Қазір ойлап қарасам, сол жылдары ұста- зымның сенімнен шыққым келмей, балалық жасаған екенмін. Айтпақшы, ғылыми жұмысқа маған тағы бір ұстазым Нұртай Нұржанов «Ақын Сағи Жиенбаевтың лирикалары» деген тақырып берген болатын.

Кезекті семестрдің соңында Әуелбек ағай студент- терден қазақ фольклорынан емтихан қабылдады. Әдетте ұстаздың алдына жайылған емтихан билет- терінің бірін алып, үш сауалға жауап бересің. Емтихан қабылдаған мұғалім әлгі билеттегі сауалдарға қосымша сұрақтар қоюы мүмкін. Емтихан тапсыруға ішке кезекпен үш студенттен кіреді. Мен де кезегім келгенде ауди- торияға кіріп, ағайдың алдынан билет алып орын- дықтардың біріне жайғастым. Кезегім келіп профес- сордың алдына барып отырған соң әлгі билеттегі үш сұрақты оқып бердім де, балалығым ұстап кеткен болуы керек:

– Ағай, бұл сұрақтардың бәрін өте жақсы білемін, бес қоя салсаңызшы! – дедім. Ұстазым бетіме қарады, жүзінде ешқандай танданыс жоқ. Сосын:

– Әкел емтихан парақшаңды, – деді де, бір ауыз сөзге келмей «өте жақсы» деп қолын қойып берді.

Біз студент кезде қазақтың классик қаламгерлерінің бірі – Асқар Тоқмағамбетов Қазақша Жазушылар ода- ғының Қызылорда облысындағы филиалының меңге-

● Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына – 120 жыл

рушісі болатын. Қызмет бөлмесі облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясында еді. Редакцияға барға- нымда міндетті түрде жұмыс бөлмесіне кіріп, қолын алып сәлемдесіп кететінмін. Бір- де Асекең маған: «Тәп-тәуір өлең жазып жүрген қазақтың кейбір дарынды жас жігіттері үйленген соң қолына мүлдем қалам алмай кетеді, сен де үйленгеніңше өлең

жазып жүрген жоқсың ба?», – дегені бар.

А.Тоқмағамбетов Әуелбек ағаймен құрдас болған- дықтан, бір-бірімен қатты қалжыңдасады екен. Бір күні облыс аудандарының біріне профессор Әуелбек Қоңыратбаев, жазушы әрі сатирик ақын Асқар Тоқмағамбетов ел аралап, халықпен дидагласуға іссапарға шығады. Жеңіл көлікке екі құрдастан өзге Әуелбек ағайға бейтаныс облыстық комсомол ко- митетінен болса керек, бір жас жігіт мінеді. Жолда Әуелбек ағай артқы орындықта қатар отырған құрдасы Асекеңді әзілдеп сөзбен қағытып тиісіп, кейде санынан бір шымшып қойып әбден мазасын алады. Орта жолға жеткенде Асекең шыдамы таусылып:

– Әуелбек, құлағыңды жақындат, – дейді ешкім естіп қоймасын дегендей сыбырлап.

– Айтатыныңды бәрімізге естіртіп-ақ айта бер, құ- лағым сенде, – дейді Әуекең.

– Тыныш отыр, әйтпесе құрып кетесің, анау алдыңда шопырдың жанында отырған КГБ-ның адамы, – дейді сыбырлап. Асекеңнің «КГБ» дегенін есітісімен Әуекең содан соң бір ауыз сөз айтпай, үн-түнсіз тәртіпті оқушыдай тып-тыныш, қимылдамай отырады да, келесі бір ауылға жеткенде жүргізушіге:

– Балам, мәшинеңді тоқтат, менің ішім ауырып, мазам кетті, одан әрі бара алмаймын, – деп көліктен түседі. Асекең құрдасына: «мен әзілдеген едім», – деп қанша жалынса да, көндіре алмай, сол ауылда түсіп қалып, Қызылордаға қайта оралады.

Әуелбек ағайдың кеңестік саясаттан әбден қуғын көріп, жүрегі шайлығып қалғаны соншалықты, инс- титутта мынандай тағы бір оқиға орын алыпты. Әдеттегідей аудиторияға кіріп студенттерге лекциясын енді бастай бергенде көзі соңғы орындықта отырған өзі шыртай киініп алған, мойнына галстук таққан бұрын- соңды көрмеген бір жас жігітке көзі түседі де, деканымыз Нұрлыбек Жүнісовтің кабинетіне біреу қуғандай еңтігіп кіріп барып:

– Әй, Нұрлыбек, сабағыма маған айтпай, неге КГБ- ның адамын кіргізесің? – дейді.

– Әуеке, қандай, неғылған КГБ, – дейді Нұрлыбек ағай танданып.

– Сенбейсің бе, сенбесең бар да, өз көзіңмен көр, – дейді Әуекең.

Екеуі аудиторияға кіріп келгенде, соңғы орындықта отырған галстук таққан студентті көреді. Нұрлыбек ағай жағдайдың бәрін бірден түсіне қояды.

– Сен неге Әуекеңнің сабағына қатыспай жүрсің, болды ертеңнен бастап оқудан шығарыласың, – дейді қатуланып.

Әуелбек ағайдың студенттерді түгендейтінін біліп алған әлгі жігіт сабағына мүлдем қатыспай жүрген екен. Бұл оқиғаның соңы тып-тыныш жақсылықпен бітеді. Студент көшірім сұрайды, екі ұстазы да оны көшіреді.

Әуелбек ағайдың ұлы Тынысбек Қоңыратбаев инс- титутта бізден бір курс жоғары оқыды, «Тұлпар ізін тай басар» демекші, әкесінің рухани мол байлығын зерттеп, филология ғылымдарының докторы атанды. Әуелбек ағайдың бізбен бірге бір топта төрт жыл бойы оқыған шәкірттерінің арасынан бір филология ғылымының докторы, академик, екі филология ғылымдарының кандидаты шықты.

Қазақтың ең алғашқы түрколог ғалымдарының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ фольклорын, көне түркі поэзиясын зерттеуші ұстазымыз Әуелбек Қоңыратбаев соңына «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1950), «Шолпанмен ақындығы» (1956), «Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы» (1959), «Әдебиетті оқыту ме- тодикасының очерктері» (1962), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), «Эпос және оның айтушылары» (1975), «Шеберлік сырлары» (1979), «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Қазақ фольклорының тарихы» (1994) және басқа да ғылыми еңбектер қалдырды. Ғалымның 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрді (2004-2005), Абайтануға айтарлықтай көп үлес қосты.

Ұстаз әдебиетімізді, ата тарихымызды зерттеумен қатар көптеген прозалық туындыларды өмірге әкелді, балалар әдебиетіне ден қойды. 2008 жылы 2 томдық тандамалы көркем шығармалары оқырман қауым қолына тиді. Фирдоуси, Бируни, Хайям, Ганжеби, Сағди, Науаи, Бедил сияқты бүкіл әлем таныған шығыс жұлдыздарының поэзиясына талдау жасап, зерттеді. Сырым Датов, Кенесары Қасымов сияқты ел тәуелсіздігі жолында күрескен батырларымыз туралы ғылыми зерттеулер жүргізіп, азаттық жолында алысқандарын дәріптеді. Жазықсыз жапа шеккен қазақтың ұлы тұлғаларының арасында жүріп, әулірімдеп аман қалған ғалым қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты ұрпақтарға мәңгі өлмес мұра қалдырды.

О.СҮТТІБАЕВ.

Қазақы болмысты дәріптеген қаламгер

«Мархабат Байғұт – ұлт руханиятында өзіндік орны бар тұғырлы тұлға. Ол қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Қоғам тыныс-тіршілігін шынайы суреттеп, озық ойлы ұлтқа қажет мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеді». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мақамы бөлек Мархабат Байғұт» атты халықаралық симпозиумға жолдаған арнайы құттықтауында осылай деді.

Қазақ әдебиетінде өзіндік мектеп қалыптастырды

Киелі Түркістанда кестелі көркемсөз бен кесіп айтар көсемсөздің шебері, көрнекті қаламгер, «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мархабат Байғұттың 80 жылдығына арналған «Мақамы бөлек Мархабат Байғұт» атты халықаралық симпозиум өтті. Еліміздің және түркі елдерінен белгілі ғалымдар, қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері қатысқан симпозиумда алғаш сөз алған Сенат депутаты, академик Дархан Қыдырәлі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы құттықтауын жеткізді. Президент алқалы жиынға жолдаған құттықтау хатында Мархабат ағаның қаламгерлік, қайраткерлік қызметін жоғары бағалады. «Жазушының көркем шығармалары, түрлі тақырыпқа арналған мақалалары мен эсселері оқырман қауымның жоғары бағасын алды. Оның тағылымдық мәні бар туындылары халқымызбен бірге жасай береді», делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында. Сондай-ақ симпозиумға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, сондай-ақ Шымкент қаласы, Қызылорда және Жамбыл облыстарының әкімдері де құттықтау хатын жолдап, табыс тіледі. Түркі әлемінен, Өзбекстан жазушысы, педагогика ғылымдарының докторы Қазақбай Йулдаш, Қырғызстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Керімбек Қадырахунов, Түркиядан келген мәртебелі мейман Хажы Байрам университетінің профессоры Жәмиля Кынажи өз елдері ұйым басшыларының, жазушыларының құттықтауларын жеткізді. «Қазақ әдебиетіне өзіндік өрнегімен келген, есемдік әлемімен танылған Мархабат аға – соқпағы соны, сонары олжалы, мәдениеті жоғары, жазуы ерек, болмысы бөлек, Қаратаудың шертпе күйіндей күмбірлеген нәзік иірімдерімен ойлы оқырманның жан дүниесін баураған бекзат жазушы еді. Өлмейтін туындыларымен, өшпейтін мұрасымен ол енді түгел түркінің тұғырлы тұлғаларының біріне айналды. Бүгінгі мазмұнды жиын соның бір айғағы іспетті», деді сенатор Дархан Қыдырәлі.

Жазушының мерейтойына арналған іс-шаралар облыс орталығы Түркістанда ғана емес, үшінші мегаполис Шымкент қаласында және Түлкібас ауданында да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сол іс-шараларда айтылған ұсыныс-пікір, тілек-ниеттер де Мархабат Байғұт атындағы Әдебиет үйінің ашылатынына күмен қалдырмайды. Осы бір жүзеге асырылуына ел сенімі мол игі бастама жазушының мерейтойына арналған іс-шаралардың түйініндей болды. Әдебиет үйі ашылды деп сүйіншілер күн де алыс емес секілді. Иә, жазушының мерейтойы аясында жыл басынан бері түрлі мазмұнды мәдени-әдеби іс-шара ұйымдастырылып келеді. Мысалы, жыл басында «Мархабат» журналы қалың оқырманына жол тартты. Шымкентте «Мархабат апталығы» өтіп жатыр. Осы апталық аясында «Мархабат мұрасы – рухани қазына» кітап көрмесі, «Қаратаудың қазыналы қаламгері» әдеби-танымдық сағаты, «Көркемсөз бен көсемсөздің шебері» әдеби көші, «Мархабат оқулары» ұйымдастырылды. Осындай іс-шаралардың шарықтау шегіндей болған «Мақамы бөлек Мархабат Байғұт» тақырыбындағы халықаралық симпозиум күні кеше облыстық «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасында өтті. Ал халықаралық симпозиумда сөз алғандар тұлғаның жазушылық, адами болмысына, қазақ және түркі әлемі әдебиетінде алар орнына терең талдау жасады.

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, алаштанушы, академик Дихан Қамзабекұлы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Жүсіпбек Қорғасбек, ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оңалбай Аяшев баяндама жасап, Мархабат Байғұттың шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне кеңінен тоқталды. Мысалы, Дихан Қамзабекұлы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ прозасында айрықша із қалдырған танымал жазушы Мархабат Байғұттың көсемсөздік мұрасын сөз етерде «қалам қазанаты» деген тіркес ойда тұратынын айтты. М.Байғұт



70-жылдары өңірлік журналистикаға әдебиеттен келіп, оны байытып, байсалдандырып, оза шапқан шағы аз болмағанын атап өтті. «Түркістанның Майлықентінде туып, ауылда ұлт дәстүрінің уызына жарыған, Алматыда оқып-жетіліп, қазақ әдебиеті классиктерінің ізбасары деңгейіне көтерілген Мархабат Байғұтты сол себепті де «қалам еңбекторысы», «қалам қазанаты» дейміз. Жалпы, бізде әлімсақтан тек жазушылықпен (немесе ақындықпен) күн көрген адам аз. Бәрі бір жерде жұмыс істеген. Жүсіпбек пен Мағжан баспасөзде, баспаларда, оқу орындарында нәпақа тапты. Айтқандай, екеуі де ептеп билік саласында қызмет етті. Аты өшкір репрессия кезікпесе, олар да сол пәледен еуірімдеп аман қалған М.Әуезовтей университет профессоры, әйгілі академик болатынына шәк келтірмейміз. Енді осы «нан мен өн» немесе тіршілік өлшемін Мархабат Байғұтқа салсақ, айна-қатесіз қайталанармыз», деді Дихан Қамзабекұлы. Сондай-ақ баяндамашы қаламгер М.Байғұттың «Шамшырақ», «Оңтүстік Қазақстан» мектептеріндегі публицистикасын аласартпай, «Egemen Qazaqstan» газетіндегі байыпты тәжірибесін, ізденісін ерекше атап өтті. Оның себебі де бар. «Бірінші себеп – Махаң «Егеменге» ақшаңқан алпыстан асып, «асатаяғын» ұстап, қаламгерлік адалдығына, айбарына сеніп келгені. Екінші себеп – мерзімді басылымның бағы мен бағасы сынға түскен кезеңде алысты болжайтын санаткер, газет президенті Сауытбек Абдрахмановтың «Мархабат Байғұт – Оңтүстік өңір (ОҚО, Жамбыл, Қызылорда) бойынша «Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі» деген тың жобасы. Бұл – байырғы Түркістан аймағындағы кемі 5 миллион отандастың рухани-мәдени, әдеби-көсемсөздік талғамын түзеу деген сөз. Біздіңше, бұл жоба 2008–2012 жылдары сәтімен жүзеге асты», деді Дихан Қамзабекұлы.

Ал жазушы Жүсіпбек Қорғасбек баяндамасында «Бүгінгі заманның Бейімбеті» Мархабат Байғұт қазақ әдебиетіндегі оңтүстіктің мектебін бір ізге түсіргенін атап өтті. «Мархабат нені жазса да, оның арғы жағында төлім аларлық тәмсіл жатады. Негізі, тәмсілдеп айту – оңтүстікке тән нәрсе. Әдебиетте оңтүстікте тусаңыз болды, ештеңені ойлап табудың қажеті жоқ», дейді Ж.Қорғасбек. Сондай-ақ баяндамашы Мархабат Байғұттың жазушы ретіндегі қолтаңбасын айқындайтын үш дүниесін бөле-жара атады. «Ол – іштен қайнап шыққан лиризмнің нұрына бөленген «Әпкемнің ауылы» әңгімесі, ол – қиыспайтын дүниені қиыстырып жіберетін «Кресть» новелласы, ол және оңтүстіктің менталитетін түрлі агрессиядан қорғаған «Көктем де оңтүстіктен басталады» деген мақаласы», дей келе жазушы аталған туындыларды жекелей талдап өтті. Мысалы, егер төлқұжат деген ұзақ сөздерден тұратын болса, Мархабат Байғұттың «Көктем де оңтүстіктен басталады» деген мақаласын осы облысқа төлқұжат етіп беруге болатынын айтады. «...Үлкен драматург-жазушымыз Сұлтанәлі Балғабаевтың мақаласында: «Моральдық бұзылудың да ошағы осы оңтүстік өңірінен бастау алған десек, онша қателеспейміз», деп айтылып кетіпті. Соған Мархабат Байғұт оңтүстіктің бүкіл сыр-сипатын бір мақалаға сыйғызып айтып, бәрін орнына қойыпты. Басқалар жазса, ол дауға ұласып жалғаса берер еді, Мархабат ағамыз айтарға сөз қалдырмай жазыпты. «Біз моральдық бұзылуды қазақша жазып жүрсек, сіздер соны орысша жазып құрып жүрсіндер ғой», депті. Бір сөзбен айтқанда, ағамыз дымын шығармай, мұсылман бейітіне крест таққан кісінің өзін бөлек, қасына мойнындағы кресін бөлек жерлегендей

етіпті», дей келе Жүсіпбек Қорғасбек сондағы Мархабат Байғұттың мысалдарын келтірді. Онда оңтүстікке тамсанған Ғабит Мүсіреповтің, Ғафу Қайырбековтің, осы Түркістанда наурыз тойланғанда айтқан Фариза Оңғарсынованың керемет сөздері бар. «Маған бәрінен бұрын ұнағаны Сырбай Мәуленовтің сөзі болды: «Сырбай Мәуленов ағамыз да оңтүстікке, Шымкентке, Сарыағашқа жиі келетін, сырласатынбыз. 1988 жылы, Колбин патшаның тұсында Шымкент теміржол вокзалында шығарып салып тұрдық. Вагондары тізіліп, жолсеріктері сызылып, Асқаров сынды іскер басшының арқасында біраз жылдан бері жүре бастаған «Алатау» пойызы келіп тоқтады. Сырағаң арғы жақ, бергі жағына көз жетпес перронға қарап, қатты толқып кетіп: «Қараңдаршы, мына ғажапты! Қап-қара шаштар, қаракөз жастар! Көз ұшына дейін қарақұрым, қаптап жүрген қазақтар... Айналайындар, қап-қара шаштарыңнан, қазақы бастарыңнан айналайындар! Өсе берсінші, көбейіп, жетіле берсінші... Шымкенттің барына шүкір», деді. Сонда Сырағаңның жанарынан әбден ыза өтіп кеткен адамның көзіндегідей мөлтілдеген жас көрдік». Міне, осының бәрін тізіп берген Мархабат Байғұт оңтүстік жұртының атынан қатты риза болдық деп жазыпты. Бүгінде оңтүстік қана емес, бүкіл қазақ халқы Мархабат Байғұт деген жазушыға қатты риза екенін жеткізгім келеді. Мархабат Байғұт қазақ әдебиетінде менталитеттік мектеп қалыптастырған жазушы. Ал ол жол Бейімбеттің жолы екенін мақтанышпен айтуға болады», дейді Жүсіпбек Қорғасбек.

Халықаралық симпозиумда, сондай-ақ заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет Тұрғараев жазушының жастарға өнеге тұтар еңбек жолына тоқталды. Ал Еуразия ұлттық университетінде Мархабат Байғұттың шығармасынан кандидаттық жұмыс қорғаған алматылық ғалым Сандуға Құланова туындыларына қатысты өз пікірін білдірсе, докторлық диссертация қорғаған ғалым Ботагөз Тағұдретова Петропавлдан бейнеқұттықтауын жолдады. Педагогика ғылымдарының докторы Кундузхон Хусанбоева да АҚШтан бейнеқұттықтаумен байланысқа шықты. Симпозиумның екінші бөлімінде жазушы Нұрғали Ораздың «Мархабат» атты жаңа пьесасынан үзінді сахналанып, М.Байғұттың өмірбаяны негізінде дайындалған деректі фильм көпшілік назарына ұсынылды. Міне, сол деректі фильмде пікір білдірген тұлғалар да жазушының шығармашылығына, адами болмысына тоқтала келе, Әдебиет үйінің ашылғанын қолдайтындарын айтады. Мысалы, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов: «М.Байғұт атындағы Әдебиет үйі біздің болашағымызға, келешек ұрпақтың жарқырап шығуына көмектеседі. Өйткені оның ішінде Мархабат Байғұтпен қатар еңбек еткен, жазу жазған Дулат Исабеков, Темірхан Медетбек, Қарауылбек Қазиев сынды оңтүстіктегі көптеген ақын-жазушының дүниелері тұрады деп ойлаймын», деді. Белгілі ақын Ханбибі Есенқарақызы Әдебиет үйінің қажеттілігі сезіліп-ақ тұрғанын айтады. Ақын Нармахан Бегалы ұрпаққа қажет дүние деп санайды. Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы Құлбек Ергөбек: «Махаңды ұдайы зерттеу керек, зерттеушілердің жаңа буынын қалыптастыруда Әдебиет үйі қажет», деп есептейді. Қоғам қайраткері Әмірзақ Шөкеев: «Әдебиет үйі, шығармашылық орталық қажет. Әріптестерімізді, елдің алдында жүрген азаматтарымызды бастамаға қолдау танытып, қолғабыс

етуге шақырамын», деді халықаралық симпозиум барысында «Киикоты исі сіңген қалам» инсталляциялық көрмесі көпшілік көзайымына айналды. Арнайы жасақталған көрмеде жазушы өмірінің соңғы кезеңінде пайдаланған жеке заттары мен құжаттарының түпнұсқалары қойылды.

Симпозиум соңында еліміздің 7 өңірінен студент-жастар қатысқан республикалық шығармашылық байқау жүлдегерлерін қазылар алқасының төрағасы Әмірхан Меңдеке, ал жалпы саны 720 бала бақ сынап, мәреге 4 кезең бойынша 144 қатысушы жолдама алған оқушылар арасындағы «Мархабат оқулары» облыстық байқауының жеңімпаздарын Түркістан облыстық мәдениет басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев марапаттады.

Туған өлкені қадір тұтудың үлгісін көрсетті

Түркістандағы іс-шара Шымкенттегі Ж.Шанин атындағы Сазды драма театрында Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» қойылымымен жалғасын тапты. Сондай-ақ Шымкентте қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің туғанына 80 жыл толуына арналған «Әдебиет өлемі әдемі» атты халықаралық конференция ұйымдастырылып, әдеби қауым мен руханият жанашырларының басын қосты. Мархабат Байғұттың бай әдеби мұрасын кеңінен насихаттап, оның шығармашылығын жас ұрпаққа үлгі ету, ұлт руханиятын дамыту мақсатындағы конференция Ә.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде өтті. Алдымен қонақтарға жазушының шығармашылығына арналған кең көлемді кітап көрмесі, инсталляциялар мен экспозициялар ұсынылды. «Мархабат Байғұттың шығармасы – қоғамның айнасы, халықтың сөзі. Бұл конференция – еске алу ғана емес, жаңа ұрпақпен әдеби байланыс орнатудың, рухани сабақтастықты жалғастырудың бір жолы. Әдебиетке шынайы жанашырлық осындай шаралардан көрінеді», деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек. Кешті Шымкент қалалық мәслихатының төрағасы Бахадыр Нарымбетов жүргізіп отырды. Түркия, Қырғызстан, Өзбекстаннан арнайы келген жазушылар мен әдебиеттанушылар Мархабат Байғұттың қаламгерлік ерекшелігі, көркемдік стилі, драматургия мен публицистикадағы орны туралы баяндамалар жасап, өз естелігімен бөлісті. Жазушының өмірлік және шығармашылық серіктестері, замандастары оның адами болмысы мен азаматтық ұстанымы жөнінде сыр шертіп, әдеби кеңістіктегі орнын айрықша атап өтті. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Жазушылар одағының хатшысы, белгілі ақын Бауыржан Жақып Мархабат Байғұтқа арнаған көңіл толқытар өлеңін оқыды.

Мархабат Байғұт «қайда барсаң да, оңтүстіктің адамдары, шымкенттіктер» деп орынсыз кіжінетіндерге: «Қарапайым статистикаға сүйенер болсақ, әр бесінші қазақ оңтүстікте туады екен. Сонда еліміздегі әр бесінші адам оңтүстіктікі болмай ма? Олар қайда бару керек сонда?» деп уәж келтірген болатын. Жазушының осы бір сөзін еске салған қоғам қайраткері Дархан Мыңбай Мархабат Байғұт халқымыздың жоғары моральдық деңгейін, имандылығын сақтау жолында қалам тербеп, қоғамда ата дәстүрден бұра тартқан қылықтарды әшкерелегенін айтады. «Оның адамшылығы мен мәдениеті, таланты мен өресі, тапқырлығы мен шешендігі осы өңірде белгілі бір өлшемге айналғанын анық сезіндік. Біздіңше, Мархабат Байғұт ешкімді қайталамайды, өзіне ғана ұқсайды, оның жазу стилі мен сөйлеуі, өзін ұстау мәнері өзіне ғана жарасады. Сондықтан мұндай дара тұлғаларды өзге оразды елдерде дара құбылыс, өз қолтаңбасы бар көркемсөз шебері деп бағалайды, қабылдайды. Кезінде елді елең еткізген, қазір де оқырманды бей-жай қалдырмайтын бірқатар әңгімесі мен повесі қазіргі озық өнер – қазақ киносына олжа сала алар еді... Ел құрметіне бөленген Мархабат Байғұт оңтүстікпен мақтануды, Шымқаланы шынайы жақсы көруді үйретіп қана емес, аманаттап кетті», дейді Дархан Мыңбай.

Конференция қатысушылары Мархабат Байғұттың шығармашылығы арқылы ұлттық әдебиеттің терең тамырларын танып, жаңа буын қаламгерлерге бағыт-бағдар беру – осындай игі бастамалар арқылы жүзеге аспақ. Сонымен қатар конференция аясында өткен «Мархабат мақамдары» атты қалалық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауында оза шыққан жастар марапатталып, сахнада жазушының үздік шығармаларынан үзінділер оқыды.

Таупістелі тағылымы – IV

Қаламгер Мархабат Байғұттың кіндік қаны тамған Пістелі ауылында Түркия, Өзбекстан, Қырғызстаннан және елімізден әдебиетшілер, жазушылар, қоғам қайраткерлері бас қосты. Жоба тарихын еске сала кетейік, алғашқы басқосу Түлкібас ауданының Таупістелі ауылында 2016 жылы мамырда «Таупістелі тағылымы:

түркі тілдес, түгел бол!» тақырыбында, екінші жиыны 2019 жылы сәуірде «Таупістелі тағылымы: Шерхан мен Насыр бауында» деген атпен ұйымдастырылған болатын. Екі жиынға да Түркия, Өзбекстан, Қырғыз Республикаларының қайраткерлері мен қаламгерлері, еліміздің бірқатар облыс-тары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының өкілдері қатысқан-ды. Ал Жеңістің 77 жылдығына, қазақтың даңқты перзенті, жазушы Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына орай ұйымдастырылған үшінші басқосу «Таупістелі тағылымы: Бозарықтан – Бозторғайға» деп аталды. «Мархабат Байғұт және түркі мемлекеттері әдебиетінің бірлігі» тақырыбында өткен төртінші басқосу аясында «Мархабат Байғұт – көркемсөз шебері» атты жаңа кітаптың тұсаукесері өтті. Аталған кітаптың лентасын аудан әкімі Асқар Естібаев пен белгілі ақын Нармахан Бегалиев кесіп, жиналған көпшілікке естелік ретінде тарту етілді. Салтанатты рәсімде «Мархабат Байғұт – көркемсөз шебері» – бір ғана қаламгердің құрметіне арналған еңбек емес, қазақ прозасына жасалған тағзым, көркемсөзге берілген әділ баға, әдеби мұраны дәріптеудің, болашақ буынға рухани бағдар берудің жарқын үлгісі екені айтылды. Қаламгердің өмір жолына, прозадағы өзіндік стиліне, қоғамдағы ұстанымына қатысты талдамалық мақалалар мен естеліктер топтастырылған кітап жазушының шығармашылық мұрасын жүйелі түрде зерделеп, әдеби әлемдегі орнын айшықтайтын құнды еңбек болып табылады. Сондай-ақ тағылымды шарада тұлғаның қаламгерлік болмысын танытатын кітап көрмесі мен фотогалерея ұйымдастырылды. «Мархабат оқулары» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Көркемсөз бен көсемсөздің шебері, елдік істердің, бірлік пен ынтымақты нығайту жолындағы игі шаралардың бастамашысы еді. Сол бастамаларының бірі «Ырыс алды – ынтымақ» жобасы оңтүстік өңіріндегі ең айтулы іс болды. Аталған жобада қаншама маңызды мәселе көтерілді. Соның бірі – халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру болса, екіншісі жастардың тәрбиесіне арналды. Ал «Ұлысымның ұйытқысы – оңтүстік» атты акцияның авторы әрі тұрақты жүргізушісі ретінде Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбайұлы, Қадыр Мырза Әлі, Әкім Тарази, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Бексұлтан Нұржекеұлы, Нұрлан Оразалин, Исраил Сапарбай, Иран-Ғайып, Мұхтар Шаханов, Смағұл Елубай, Мереке Құлкенов, Есенғали Раушанов, Қасымхан Бегманов, тағы басқа қаламгерлерді оқырмандармен жүздестіруге ұйытқы болды. Күні кеше өткен іс-шаралар Мархабат көкеміз бақилыққа аттанғаннан кейін де ел бірлігін ойлайтын ерекше қасиетін паш еткендей. Себебі еншісі бөлінбеген екі өңір – Түркістанда түнлігі түріліп, Шымкентте жалғасуының өзі жарасымды. Шымкент пен Түркістанның зиялы қауымы да ортақ, оқырманы да ортақ. Айтулы іс-шараны бірлесе өткізуі ынтымақтың, бірліктің үлгісі іспетті. Мархабат Байғұт – «Түркі әлеміне қызмет» сыйлығының иегері. Осы орайда жазушының мерейтойына арналған барлық іс-шарада түркі мемлекеттері зиялы қауымының қатысуы түркі елдері қаламгерлері бірлігінің көрінісіндей болды. Олар Түркістанда, Шымкентте, Таупістеліде жазушының шығармалары бойынша мазмұнды да тағылымды баяндамалар жасап, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Яғни Мархабат Байғұттың шығармалары түркі әлеміне кеңінен таныла беретін болады. Үш күн бойғы ауқымды да айтулы іс-шараларды өткізуге қолдау көрсеткен Түркістан облысы және Шымкент қаласының әкімдігіне әдебиетсүйер қауымның, қаламгерлердің айтар алғысы мол, ел риза.

Айта кетелік, «Amanat» партиясының Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Miras» кеңесі кезекті отырысын Қазығұрт ауданында өткізіп, Қазығұрт тауына шыққан. Кеңес төрағасы Қалыйма Жантөрееваның айтуынша, аталған іс-шара «Miras»-тың ең алғашқы төрағасы Мархабат Байғұттың 80 жылдығына арналған.

Сөз соңында Мархабат Байғұт атындағы Әдебиетшілер үйін ашу мәселесі жазушының мерейтойына арналған барлық іс-шараларда көтеріліп, қолдау тапқанын айта кетелік. Иә, ертеңгі күні ашылатын бұл орталықта Маханның ғана емес, бүкіл оңтүстік өңірі қаламгерлерінің дүниелері сақталатыны аян. Зиялы қауым өкілдері бас қосып, әдеби-көркем шығармаларды талдап, талқылап, сан түрлі кездесу, әдеби-сазды кеш өткізілетін болады. Жастардың танылуына, шыңдалуына, бағыт-бағдар алуына да септігін тигізері анық. Жастар демекші, Ә.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде М.Байғұт атындағы аудитория ашылмақ. Ал облыстық «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасында жазушының атындағы оқу залы көпшілікке қызмет көрсетіп келеді.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ.

Түркістан – Шымкент – Таупістелі .

«Egemen Qazaqstan».

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

Қоғамның өркениеттілігінің басты көрсеткіші – балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әрбір баланың тыныш, бақытты және зорлық-зомбылықтан ада ортада өмір сүруі – кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Себебі бала – ел болашағының тірегі, ұлттың ұрпағы. Осы орайда елімізде бала құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар, заңнамалық негіздер мен қоғамдық қолдау тетіктері жыл сайын күшейіп келеді.

Балаларға жасалатын зорлық-зомбылық – баланың физикалық немесе психологиялық дамуына орасан зор зиян келтіретін құбылыс. Ол ең алдымен отбасында басталады. Егер бала өз үйінде күнделікті ұрыс-керіс, жәбірлеу, жазықсыз жазалау сынды әрекеттерге куә болып өссе, оның санасы мен дүниетанымы сол жағдайларды қалыпты өмір салты ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл – болашақтағы агрессия, қатыгездік, суицидтік ойлар мен әлеуметтік бейімсіздікке әкелетін ауыр зардап.

Көп жағдайда отбасындағы зорлық-зомбылық әлеуметтік мәселелермен байланысты: ата-аналардың жұмыссыздығы, тұрмыстық қиындықтар, нашар әлеуметтік жағдай, білім мен тәрбиенің жетіспеуі, ішімдікке немесе басқа да зиянды әдеттерге әуестік – барлығы баланың дамуына кері әсерін тигізеді.

Алайда кез келген қиындықтан шығатын жол бар. Ең бастысы – ата-ананың өзара түсіністігі, сабырлылығы және баланың жан дүниесіне мән бере білуі. Баланың мейірімді, тәрбиелі, адамгершілігі мол азамат болып өсуі – отбасындағы жағымды психологиялық ахуалға тікелей байланысты.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Бала – адамның бауыр еті» деп қарап, оған тек жақсыны үйретуді, еңбекке баулуды, үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге тәрбиелеуді парыз санаған. Бүгінде де осы ұлы ұстанымдарды жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңіру – ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Бала – ел болашағы. Оған қолайлы тәрбие мен қауіпсіз орта қалыптастыру – әр отбасының, әрбір ересек адамның жауапкершілігі. Егер біз зорлық-зомбылықсыз орта құрып, балаларымызды саналы, білімді, рухы биік азамат етіп өсіре білсек, онда еліміздің де келешегі жарқын болады.

Бақытты бала – бақытты отбасы. Ал бақытты отбасы – бақытты ел кепілі.

Төлеби аудандық ішкі саясат бөлімі.

Балалы үй – базар

Қазақ: «Балалы үй – базар», деп тегін айтпаған. Өз перзенттеріне қамқор болумен қатар жетімін жылатпаған, қамқор болған, өз перзенттеріндей мәпелеп өсіріп, үйлендіріп, қатарға қосқан. Бұл игі дәстүр мәңгілікке жалғасын тапқаны абзал.

Жыл сайын 1 маусымда да бүкіл әлемде балаларды қорғау күні аталып өтеді. 1925 жылы Женевада өткен балалар мәселесіне арналған Дүниежүзілік конференцияда балалар күнін атап өту жөнінде алғаш рет шешім қабылданды. Кейбір елдерде бұл мерекені маусымда, ал кейбірінде қараша айында тойлайды.

1949 жылы Парижде өткен әйелдер конгресінде екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан жетім қалған балалар мәселесі көтерілді. 1950 жылы 1 маусымда балаларды қорғау күні алғаш рет атап өтілді. Әлемдегі көптеген мемлекеттерде, оның ішінде бұрындары Кеңестер Одағы құрамында болған барлық елдерде

балалар мерекесін жыл сайын 1 маусымда атап өтуді дәстүрге айналдырған. Қазақстандықтар да осы күні «Барлық жақсылық – балаларға» деген ұранмен салтанатты шаралар ұйымдастырып, сыйлықтар тарту етіп, балаларды қуанышқа бөлейді.

Өткен жылдың қаңтар айындағы дерек бойынша Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар саны 6841527- ге жеткен. Оның 3,5 миллионы ұл, 3,3 миллионы қыз бала. Жалпы, еліміз бойынша 20 мыңнан астам жетім бала бар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалардың 80 пайызға жуығы жақын туыстары мен асырап алған отбасыларда тәрбиеленуде. Оларға мемлекет тарапынан барынша қамқорлық жасалып келеді.

Қазақстанда бала саны бойынша біздің Түркістан облысының тұрғындары көш бастаса, бұған біздің төлебілік ата-аналардың да қосқан үлесі бар.

«Төлеби-ақпарат».

Қаламгер ұстаз оқырманмен кездесті

«Құрмет» ордені және бірнеше медальдың иегері, Төлеби ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі, «Төлеби туы» газетінің белсенді штаттан тыс тілшісі Көшкінбай Елікбаевтың есімі аудан тұрғындарына етене таныс.

Көшекең бар ғұмырын ұстаздыққа, бала тәрбиесіне арнады. Қаратөбе (бұрынғы Совет) орта мектебінде ұзақ жылдар бойы жемісті қызмет атқарып, құрметті еңбек демалысына шықты. Кезінде оның балаларға сабақ берудегі бай тәжірибесі аудан, облыс, қала берді республика аумағына кеңінен тара-

екенін, «Төлеби туының» бүгінге дейін белсенді авторларының бірі екендігін айтып, қаламгер ұстазға ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілеп, жыр арнады.

— «Әке көрген оқ жонар» демекші, Көшкінбай ағай мектепте талай жыл бойы ұстаздық еткен зайыбы марқұм Кәдірқұл екеуі өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, ұядан ұшырып, қияға қондырды. Бәрі мектепті үздік бітіріп, жоғары білім алды. Екі ұлы ғылыми жұмыстармен шұғылданып, бүгіндері ғылым докторы атанды. Біз Елікбаевтар отбасын мақтан тұтамыз, — дейді қаратөбеліктер.



тылды. Көшекеңнің білім беру сала-сындағы іс-тәжірибесі аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жүйелі түрде жарияланып келді.

Көшкінбай аға зейнеткерлікке шыққан соң шығармашылыққа біржола бет бұрды. Соңғы жылдардың өзінде оның бірнеше прозалық туындылары жарық көрді. Оның «Ақиқат жолында», «Замана көркі адаммен», балаларға арналған «Сырлы кебеже» және басқа да кітаптарын әдебиетсүйер қауым жылы қабылдады.

Жақында Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Қаратөбе ауылдық клубының меңгерушісі Қайрат Бөкеновтің ұйымдастыруымен ұстаз әрі қаламгер Көшкінбай Елікбаевтың жергілікті оқырман қауыммен шығармашылық кездесуі өтті.

Қаратөбедегі клубта Көшекеңнің кітап көрмесі ұйымдастырылып, шығармашылық кездесуді Тасарық ауылдық клубының меңгерушісі Нұрбол Бөрте-кеев жүргізіп отырды. Шығармашылық кездесу қонақтары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, жазушы Сабырбек Олжабай, «Төлеби туы» газеті бас редакторының орынбасары Орынбасар Сүттібаев және ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Дәркен Танабаев сөз алып, қаламгердің бойындағы нағыз ұстазға тән ізгі қасиеттері, шығармашылығы жөнінде әңгімелеп берді. Қаратөбе жалпы орта мектебінің оқушылары жазушының «Сырлы кебеже» кітабынан үзінділер айтып берді.

Қаратөбе ауылдық кітапханасының кітапханашысы Нұргүл Ысқақова шығармашылық кездесуге орай К.Елікбаевтың кітаптарының көрмесін ұйымдастырыпты. Ол жазушы ұстаздың әдеби туындыларына қысқаша шолу жасап, ауыл оқырмандрын жерлес қаламгердің туындыларын оқуға шақырды.

Зейнеткер, Қаратөбе ауылдық округінің тумасы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жарылқасын Садықов Көшкінбай ағаның прозалық туындыларының ерекшеліктері, кейіпкерлері, тіл байлығы жөнінде әңгімелеп, қаламгерге арнау өлеңін оқыды.

Қостөбе ауылының тұрғыны, зейнеткер Мықтыбек Жолаев Көшекеңнің шығармашылығымен бала кезінен таныс

Шығармашылық кездесуде Қаратөбе жалпы орта мектебінің шәкірттері ән салып, би билеп кеш шырайын келтіре түсті.

Көшекеңнің өмірі мен шығармашылығы туралы мен бұрындары бірнеше рет қалам тартқанмын. Сол жазбаларымның бірінде американдық мотивациялық жазушы Уильям Артур Уордтың: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», — деген сөзін еске алып, Көшкінбай ағаның шәкірттерін шабыттандыратын нағыз мұғалім болғанын өз шәкірттерінен есітіп жүргенімді айтқанмын.

Кездесуге келген Қаратөбе ауылының тұрғындары Көшкінбай Елікбаевтың нағыз ұстаз болумен қатар ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласатынын, кемшіліктерді сынға алып газетте мақалалар жариялайтынын, қарапайым еңбек адамдарын қаламына арқау етіп дәріптейтінін еске алды.

— Кезінде Қаратөбе ауылдық клубының және ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пункттің шатырынан тамшы өтіп, қараусыз қалған болатын. Осы келеңсіздіктерге байланысты Көшекең «Төлеби туы» газетінде сын мақала жариялады. Газет дабылынан кейін қорытынды шығарылып, бюджеттен қаржы қарастырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Екі ғимарат та бүгінге дейін ауыл тұрғындарының игілігіне жарап тұр. Бұл мәселені Көшекең дер кезінде қозғамағанда, екі ғимарат та өбден жарамсызданып, тозып бітетін еді, — дейді шығармашылық кездесуге келген қаратөбеліктер.

Көшкінбай аға 1941 жылдың тумасы. Әкесі Елікбай 1942 жылы соғысқа аттанып, майдан даласында қаза тауып, туған жерге қайта оралмады. Бала кезінен шаруашылыққа еңбек етіп, үй шаруасына араласып тым ерте есейді, ана тәрбиесін көріп өсті, білімге құштар болды. Қолына бала кезден қалам алды. Мақалалары мектеп қабырғасында жүргенінде аудандық және республикалық балалар газет-журналдарына жариялана бастады. Жетпіс жылдан астам уақыттан бері қолынан қалам түспеген қаламгерге ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз.

С.ОРЫНБАСАР.

Қаратөбе ауылдық округі.

Қазақ халқы күй атасы — Құрманғазы десе, қобыз атасы — Қорқыт деп санаған. Қылқобызды халқымыз киелі аспап ретінде қастерлейді. Халқымыздың ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көнесі боп саналатын дәстүрлі музыка аспабының әсем қоңыр үні ұлт мәдениетінде ерекше орын алады. Қылқобыздың сиқырлы сазын меңгеру — үлкен төзімділік пен еңбекқорлықты талап етеді.

Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері — көне аспапты дәріптеп, жас ұрпақты кәсіби қылқобызшы етіп тәрбиелеп қана қоймай, ұлт мәдениетіне, өнеріне деген құрмет пен

Ұлттық өнердің шырақшысы

сүйіспеншілікке баулып жүрген Ленгір қалалық саз мектебі қылқобыз сыныбының жетекшісі, республикалық байқаулардың лауреаты Рысбаев Қайрат Бақадырұлы. Ол сонымен қатар Түркістан облысы Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияның Сүгір атындағы ұлт аспаптар оркестрінің өртісі.

Қайрат Бақадырұлы — Көксәйек ауылдық округі 8 Март ауылының (қазіргі Жіңішке ауылы) тумасы. Бала күнінен музыкаға құмартқан ол мектепте оқи жүріп, аудандық саз мектебінің домбыра және қобыз сыныбында ұлттық аспаптарда ойнауды үйренген. 1986-1990 жылдары Жетісай мәдени-ағарту училищесінде қобыз мамандығы бойынша білім алса, 1990-1995 жылдары Алматыдағы Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің өнер факультетінде оқыған.

Еңбек жолын 1993 жылы Алматы қалалық №1 саз мектебінде бастаған ұстаз 32 жыл бойы жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыта ішкі әлеміне үңіліп, оларға өз сезімдерін, ойларын музыка арқылы жеткізе білуді үйретіп келеді. Тәжірибелі музыканттың шәкірттері ұстаздарының бағыт-бағдары мен өздерінің талпынысының, дарынының арқасында облыстық, республикалық, тіпті халықаралық байқауларда жүлдегер атанып жүр. Биылғы оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталсақ, саз мектептері арасындағы 58-ші Жас музыканттардың облыстық байқауында шәкірті Әлібек Нұрмұхаммед 1-орынды жеңіп алып, республикалық байқауға жолдама алды. Әлібек Нұрмұхаммед пен Махамбетқали Молдағали Дубайда өткен халықаралық өнер байқауында Гран-при жүлдегері атанды. Жас музыканттардың облыстық байқауында Мергенбай



Ханшайым 2-орыннан көрінсе, қобызшылар ансамблі жүлделі 3-орынды иеленді. Оқушылардың әрбір жетістігі мен жеңісі тәжірибелі педагогтың ақ адал еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Қайрат Бақадырұлының алғашқы шәкірттерінің бірі Айжан Абдрахманова саз мектептері оқушыларының арасында өткен облыстық байқауда I орынды иеленіп, білім ордасының мәртебесін көтерген еді. Тағы бір шәкірті Айгерім Қарсақбаева қазіргі таңда Құрманғазы атындағы консерваторияда ұстаздық етеді, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты. Түлектерінің бірқатары Шымкент қалалық саз колледжінде ұстаздық етсе, одан кейінгілері музыкалық бағытта білім алып жүр.

— Қылқобызшы болу үшін техникалық дағды мен музыкалық білімді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар халық музыкасын жан-дүниемен сезіну, оның мәнін ұғыну өте маңызды. Әр күй — бір тарих, әр саз — бір тағылым. Мұны түсінген жас орындаушылар ұлттық мұраға құрметпен қарап, өнердің асыл қасиетін сезініп өсуде. Қазіргі таңда жеткіншектердің қылқобызға деген қызығушылығының артып келе жатқаны қуантады. Саз мектебіне балалар 7-8 жастан бастап қабылданады. Шәкірттеріме аспапты қалай дұрыс ұстау, оны қалай тарту, нотаға дәл түсу керектігін үйретіп, музыкалық сауаттылыққа, өнерге деген құрметке, тәртіп пен жауапкершілікке баулимын, — дейді тәжірибелі ұстаз. — Балалар қосымша оркестрге, хорға қатысып, жан-жақты білім алады. Ауданда ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік іс-шараларға саз мектебінің шәкірттері мен ұстаздары белсене қатысады. Мектепте 5 жыл білім алып, куәлік алып шығады. Шәкірттеріміздің арасында болашақ өнер иелері, ұлттық музыканың саңлақтары өсіп келе жатқанына көміл сенемін.

Бір айта кететіні, Қайрат Рысбаев Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияда «Өмір мен өнер егіз» атты шығармашылық концертін берді. Көрермен қауым қылқобыздың сиқырлы үніне елтіп, ұйып тыңдап, ғасырлар қойнауына енгендей күй кешті. Өнер иесіне ризашылығын білдіріп, қол соқты.

Кәсіби музыканттың мәдениет саласын дамытуға қосқан үлесі мен қажырлы қызметі, өскелең ұрпақты ұлттық өнерге баулудағы еңбегі лайықты бағаланып, Төлеби ауданының, облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хаттарымен, аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

А.ИМАНАЛИЕВА.

Тәрбие тағылымы

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев білім беру ұйымдарындағы тәрбие мәселесіне айрықша тоқталды. Ол: «Анығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келеді. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару аса маңызды», – деп білім мекемелеріне жауапты міндет жүктеді.

Төлеби ауданының білім беру ұйымдары Президенттің осы айтқан пікірлерінен қорытынды шығарып, оқушыларға біліммен қатар тәрбие беру ісін жандандыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Өткен жылдан бері мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Соған байланысты білім ошақтарында бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бағдарламаны іске асыруға ауданның 494 педагогі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының практикалық оқыту семинарларына қатысты. «Біртұтас тәрбие» жобасын жүзеге асыру бағытында Майбұлақ жалпы білім беретін мектебінде «Саналы жастар – ұлт болашағы», №1 мектеп-гимназияда «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл», Қ.Мамытов атындағы мектепте «Ұлттық құндылықтар және оны іске асыру жолдары», №4 Қ.Сәтбаев атындағы мектепте «Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі», Жаңаұйым мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға жаңаша көзқарас», №3 мектепте «Әлеуметтік желілерді дұрыс бағытта пайдалану», Ұйымшыл мектебінде «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және патриоттық тәрбие берудің өзек-

тілігі», Т.Назарбеков атындағы мектепте «Отбасы құндылықтары», Төлеби атындағы мектепте «Жас сарбаз – Мәңгілік ел ұланы» тақырыптарында семинарлар өткізілді. Аталған іс-шаралар барысында мұғалімдер құндылықтарды іске асыру жөніндегі озық тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік семинары, танымдық көрмелер, тренингтер өтті. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқарбек Құсайынов «Саналы ұрпақ – ұлт болашағы» тақырыбында педагогтермен дәріс өткізді.

«Даналық мектебі» аясында «Атааналарды қолдау орталығы», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» ауданның барлық мектептерінде және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тұрақты жұмыс істейді. Тәрбие беру мәселесінде маңызды рөл атқарады.

Ауданның бірнеше мектебіндегі «Сенімен болашақ» ата-аналар бірлестігі өңірлік филиалдармен үнемі байланыста жұмыс жүргізеді.

«Балалар кітапханасы» жобасында мектептердің кітапханалары оқушыларды кітап оқуға баулу жұмысын белсенді жүргізеді. Жоба бағытында түрлі байқаулар, сайыстар, фестивальдар ұйымдастырылады. Мектептерде жазушы Т.Әбдіковтің «Оң қол» кітабы бойынша диспут өткізіліп, оқырмандар автормен тікелей сұхбат құрды.

№7 IT мектеп-лицейі базасында «Заманауи кітапхана: мазмұн мен форматқа жаңаша көзқарас» тақырыбында кітапханашылардың облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

«Бірге оқиық» іс-шарасы бойынша жоғары сынып оқушыларының жергілікті ақын-жазушылармен, қоғам, мемлекет қайраткерлері Амалбек

Тшановпен, Ержан Исақұловпен, Әкім Ысқақпен, Абдулмахмұд Пошатаевпен, Темірғали Көпбаевпен кездесулері өткізілді.

Ауданда кітап оқуға құштарлықты дамытатын, оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған шығармашылық «Кітапқұмарлар» бірлестігі жұмыс істейді.

«Ұшқыр ой» дебат клубында оқушылар оқыған шығармалары бойынша дебатқа қатысып, білімдерін шыңдайды. Жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін талдап, өзін-өзі реттеуде әр отбасыға, әр оқушыға, өзіне өмірлік сабақ алуға ықпалын тигізеді.

«Шабыт» жобасы аясында ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталған оқушылар арасында ақындар айтысы және оқушылардың көркем өнерпаздар байқауы өтеді.

Әр оқу аптасы Әнұранмен басталады. Мектептерде үзіліс кезінде әдеттегі қоңыраудың орнына ұлттық күйлер ойнатылады. Балалар «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бағытында мектептерде асық ату, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын ойнайды. Сондай-ақ оқушыларды үнемшілдікке, табиғатқа жана-шырлыққа тәрбиелейтін «Үнемді тұтыну» жобасы жұмыс істейді. Оқушылардың тіл байлығын, сөз саптауын дамыту, ақын-жазушылардың шығармаларын оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында апта сайын «Даналық сөздер» беріледі. Киелі Төлеби ауданынан шыққан ақын-жазушылардың, ғалымдардың даналық сөздерінен жинақ құрастырылып, оқушыларға таныстырылып, жаттауға беріледі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ, адал азаматтар тәрбиелеу.

Мектеп ұжымдары барлық мүмкіндікті пайдаланып, Отанына, халқына мінсіз қызмет ететін тұлғаны тәрбиелеу жолында еңбек ете береді.

К.ЕЛИКБАЕВ.

Мен 85 жастағы қарт кісі болсам да, жергілікті «Оңтүстік Қазақстан» және «Төлеби туы» газетінің тұрақты оқырманымын. Газеттердің әр номерін түгел оқып, жағымды жаңалық, тәрбиелік мәні бар әңгімелерді отбасы – ошақ қасында, көпшілік жерлерде, ауылдастар арасында айтып отырамын, құлақ салып тыңдайтындарға, насихат етемін.

«Төлеби туы» газетінде жарияланатын Орынбасар Сүттібаевтың мақалаларын тұщына оқып, айтатын ойларымен толықтай келісемін. Орынбасар ініме көп рахметімді айтып, «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегендей, талабыңа бақ қонып, қаламың еш мұқалмасын дегім келеді. Ауданымыздың төл газеті «Төлеби туы» газетінің 90 жылдығына орай жазылған естелік мақалаларда газеттің белсенді көмекшілері, ауданның, газеттің тарихына сүбелі үлес қосқан штаттан тыс тілшілер туралы, аудан тарихын, елін, жерін, ауыл-аймағын сүйіп өткен және ел есінде қалардай еңбек еткен ардагер азаматтардың рухы разы болатындай, ол кісілердің көзін көргендердің, ұл-қыздары мен ұрпақтарының көңілін марқайтатындай дүниелер жазылыпты.

Оның «Имандылық иірімдері» айдарымен жазылған мақалалары да өте білімді, сауатты екендігін көрсетеді. Ақын ретінде өлең жазған азаматтар туралы «Оқыдық, пікір айтамыз» деген айдарда Алтай Шакув баламыздың «Заман келбеті» атты кітабына толық шолу жасап, өте тұщымды пікір айтады, бар өлеңдерін, аудармаларын талдап, сараптағаны көңілден шықты.

Айтары мол журналист

● «Төлеби туына» – 90 жыл



«Көргені жақсы көш бас-тар» дегендей, ел танып, жер көріп, көрген-білгендерін көңілге түйіп, басқа елдердің жай-жағдайын, салт-дәстүрі, білім-пайымы туралы, шет елде қызмет жасап жатқан перзенттері мен білім алып жүрген немерелерінің арқасында ел көріп, жазған дүниелері де, тарихи әңгімелері де өте керемет. «Құдай қосқан қосағыңмен ұрпағыңның қызығына кенеліп, бақытты ғұмыр көше бер!» деген ақ тілегімді білдіремін.

Одан кейін бал дәурен – балалық шақ, көрген қызықтары, жер-су атауларының мағынасы, қазыналы қариялар, бірге еңбек еткен, тәрбиесін алған үлкендер жайында жазғандары үшін елін-жерін сүйген ұл, үлкендердің, жақсылардың тәрбиесін көңілге түйген азамат деп бағаладым.

Ленгир қаласындағы №1 мектеп-гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі ұйымдастырған «Туған жердің тұмары – ақын әрі ұстаз-журналист Орынбасар Сүттібай» деген тақырыптағы шығармашылық кеш керемет өтіпті. Мұны ақынға деген құрмет, жоғары баға беру деп білемін. Әрқашан туған еліңнің, ауыл-аймағыңның, барша жұрттың тұмары, көңілге гүл, жүрекке нұр сыйлаған перзенті болып, шығармашылықтың шыңына жете бер деген аналық ақ тілегімді білдіремін.

Күлімхан РАЙЫМҚҰЛОВА,
мәдениет саласының ардагері, зейнеткер.

● 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

Білімді ұрпақ – ел ертеңі

Балабақша – балалық шақтың төтті естеліктеріне толы, айналамен жақын танысуға мүмкіндік беретін, балалардың дамуына үлкен үлес қосатын орын. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінің қарсаңында Ленгир қаласындағы «Алина» балабақшасына барып, меңгерушісі Тұрғымбекова Ақмарал Есіркепқызынан арнайы сұхбат алдым.

– Ақмарал Есіркепқызы, «Алина» балабақшасының ұрпақ тәрбиесіне қосып жатқан үлесі, тәрбиешілер мен бүлдіршіндер жайлы айта кетсеңіз.

– 2016 жылы ашылған «Алина» балабақшасында бүгінде бүлдіршіндердің жасына қарай 4 топтағы 100 бүлдіршінге 8 тәрбиеші, музыка жетекшісі, әдіскер және психолог білім мен тәрбиені қатар беріп, тер төгіп жүр.



– Жыл басынан бастап алға қойған жоспарларыңыз, күнделікті жұмыс кестесі туралы айтып өтсеңіз?

– Әрине, биылғы жылы отбасы құндылығын бала бойына сіңіру үшін ұлдарымыз бен олардың әкелерінің қатысуымен іс-шара өтті. Қыздарымызға қазақ қол-өнерінің қыр-сырын үйретуге шебер келіп арнайы кездесу өткізді. Орталық кітапханаға саяхат жасаттық. Кітапхана ұжымы бізге келіп іс-шаралар өткізеді. Оқу жылының аяқталуына байланысты 28 бүлдіршіміздің балабақшамен қоштасу кеші өтті. Күнделікті әр топ өзіне сай жаттығу жасайды, қызықты, логикалық ойындар, балалармен топтық және жеке жұмыстар жүргізіледі, тәрбиешілер қоршаған ортаны аялау, қорғау бойынша танымдық сағаттар өтіп тұрады.

– Жақсы, балаларды қорғау күніне арналған жоспарларыңыз қандай?

– 30 мамыр күні таңертеңнен балаларды аниматорлармен күтіп алып, сыйлықтарын табыстап, үлкен іс-шара өткізгелі отырмыз.

– Ата-анаға бала тәрбиесінде білуі керек қандай кеңес айтар едіңіз?

– Балабақша жасындағы балаға ұялы телефон беру – қателік. Көңіл бөліп, «бүгінгі күнің қалай өтті?», «балабақшада не үйрендің?» деп сұраған абзал. Өйткені ұялы телефондағы қажетсіз дүниелер бала миын улайды. Ал балабақшаға алып келерде дүкеннен зиянды заттарды алып беру, бала ағзасына қауіпті болады. Оның үстіне біз нормаға сай табиғи, пайдалы тағамдар береміз. Міне, ата-ана осыны қадағалауы керек.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет! Бала тәрбиесіндегі еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Жұмыстарыңызға сәттілік!

– Сізге де рақмет!

Батырхан АХАЙ,
ҚазҰУ журналистика факультетінің
II курс студенті.

Жарамсыз деп табылсын

Сембек Руслан Әуелбайұлына 2020 жылғы 25 желтоқсанда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №047590987 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

№4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Құрманалиева Назираға әкесі

ҚҰРМАНАЛИЕВ Болат Бәкірұлының қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

- 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

«Қазақстан балалары» ұранымен

Аудандағы барлық мектепке дейінгі және білім беру ұйымдарында 22–30 мамыр аралығында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар өтті.

Биыл бұл мереке «Қазақстан балалары» деген ортақ ұранмен өтуде. Бұл ұран әрбір бала өзінің маңызды екенін сезініп, дауысының естілгенін, құқығының қорғалғанын білуі тиіс деген басты идеяны білдіреді.

Іс-шаралардың мақсаты балаларға қуаныш сыйлау, сонымен қатар олардың балалық шағына қамқорлық көрсету – мемлекеттік саясаттың басты басымдығы екенін көрсету.

Бұл күні балалардың театрлар, мұражайлар, саябақтар мен кинотеатрларға тегін немесе жеңілдікпен бару мүмкіндігі қарастырылды. Оған қоса балаларға қолдау көрсетуге бағытталған өңірлік қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды.

Балаларды қорғау күні – балалардың маңызды екенін көрсететін қоғамдық үндеу. Балаларға қамқорлық – әрбір азаматтың ортақ міндеті, адамгершілік борышы.

Мерекелік іс-шараларға белсене қатысқан балалар өз ойлары мен бастамаларын, армандарын ашық айтуға мүмкіндік алды.

Өткен жұмада аудандық білім бөліміне қарасты барлық білім беру мекемелерінде оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп түлектерінің қатысуымен «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты іс-шара өткізілді.

Аудан бойынша 28 176 оқушы оқу жылын аяқтады. Олардың 1 612-сі – мектеп бітіруші түлектер. 103 түлек «Алтын белгіге», 113 түлек «Үздік аттестатқа» үміткер. Аудандағы 1 612 түлек үшін мектеп қоңырауы соңғы рет соғылды. Соңғы қоңырау – мектеп өміріндегі ерекше әрі толғанысқа толы сәттердің бірі. Бұл күн – түлектер үшін балалық шақпен, алтын ұя мектебімен қоштасатын, жаңа өмірге қадам басатын маңызды күн.

Сұлтанрабат жалпы білім беретін мектебінде өткен «Соңғы қоңырау» мерекесіне арналған салтанатты жиынға аудан әкімі Әлімқұлов Еркеғали Амантайұлы, Төлеби аудандық білім бөлімінің басшысы, профессор, академик Тойлыбаев

Бекайдар Адамбекұлы қатысты. Олар мерекелік құттықтау сөздерінде шәкірттерге ақ жол тілеп,

Мектеп директоры Қалыбек Дәуенұлы бітіруші түлектерге өзінің ізгі тілектерін арнады. Сал-



ұстаздар мен ата-аналарға шынайы ризашылығын білдірді. Мектеп басшысы Рсымбетов Қалыбек Дәуенұлын, мектептің бірқатар ұстаздарын білім беру саласына сіңірген еңбектері үшін Алғыс хаттармен марапаттады. Бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен құрмет пен шабыт сыйлаған маңызды сәт болды.

танатты жиында 11-сынып түлектерінің «Білім кілтін» 10-сынып оқушыларына тапсыруы әсерлі шықты. Бұл дәстүр – мектептегі ұрпақтар сабақтастығы мен бірлігінің жарқын көрінісі.

Соңғы қоңырау – әр түлек үшін жаңа белеске бастар алғашқы қадам. Жолың болсын, жас түлек!

Өткен аптада «Таза Қазақстан» акциясы аясында Төлеби ауданында жалпы-аудандық сенбілік жалғасын тапты. «Таза табиғат» кезеңі негізіндегі кезекті тазалық шарасы Қаратөбе ауылдық округі, Балдыберек өзенінің бойында өтті.

Елді мекен халқы өз аулаларын, көше бойларын қоқыстан тазартып, әр аптаның жексенбі күндерін тазалық шарасына арнайды.

Ауылдағы 8 көшедегі 236 үйдің тұрғындары ауыл тумасы, кәсіпкер Батырбек

«Таза Қазақстан» акциясы жалғасуда

Сенбілікке мемлекеттік қызметшілер, жастар, еріктілер, мекеме қызметкерлері және ауыл тұрғындары белсене қатысты.



Акцияға қатысушылар өзен жағалауын, саябақ маңын, көшелерді, ауыл маңайын, аулаларды және басқа да қоғамдық орындарды қоқыстан тазартты.

Жоғарғы Ақсу ауылдық округіне қарасты Мәдени елді мекенінде де «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында сенбілік тұрақты түрде өткізілуде.

Көшербайдың бастамасымен сенбілікке белсене қатысып, саябақ, сквер, мешіт маңы, көше бойлары, қоғамдық орындарды тазалап, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, бұл күні ағаштар бұталып, шөптер орылды. Жол бойындағы ағаштар әктеліп, тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

Тазалық шараларының қоршаған ортаны таза ұстауға ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы бірлік пен ұйымшылдықты нығайтуға

да септігі тиеді. Осындай игі істер арқылы балалар мен жасөспірімдердің табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлық сезімі қалыптасуда.

Сенбілікке қатысушылар тазалық жұмыстарынан кейін арнайы қазанға ыстық тағам дайындап, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ауылдың үлгісін көрсетіп, үлкен дастархан басында жиналды. Дәстүрге айналған шараны әр көше кезегімен ұйымдастырып, татулықтарын танытуда.

Астанада жүлдемен!

Ленгiр қаласындағы №1 мектеп-гимназияның мұғалiмi Сәуiрбаева Мақпалдың жетекшiлiгiндегi оқушылар Лесбек Аружан, Нұршапағат Жетiбаева, Жұмалы Назерке Астана қаласында алғаш рет өткен «Ана тiлi» республикалық зияткерлiк қазақ тiлi олим-

● **Бәрекелдi!**



пиадасының ақтық кезеңінде өз білімдерін дәлелдеп, III орынға ие болды. Топтық сайыста жоғары нәтиже көрсеткен «Жауқазын» тобы III дәрежелі дипломмен марапатталып, қола медальға, естелік сыйлықтарға ие болды.

Биыл алғаш рет ұйымдастырылған бұл жобаны Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры бірлесе жүзеге асырды.

Олимпиадаға тіркелу 2025 жылғы 13 қаңтарда басталып, іріктеу кезеңі 8 ақпан күні онлайн форматта өтті. Республиканың барлық өңірінен 5 мыңға жуық 9–11-сынып оқушылары қатысып, білімдерін сынады.

2025 жылғы 20 мамырда олимпиаданың ақтық кезеңіне 64 командадан құралған 192 оқушы Астана қаласына келді. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен олимпиадада қатысушылар үш негізгі бағыт бойынша сайысқа түсті. Қазылар алқасының құрамында филолог-ғалымдар, «Білім-Инновация» лицейлерінің мамандары, әдіскерлер, сондай-ақ танымал тілші-жазушылар болды.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгiр қаласы, Төле би көшесi, 111 “Б” үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, «АР-принт-1»
ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Төшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 2974 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.